



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

08.12.2022 № 2-01-22-108210

11.11.2022 № ДС-325

Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары

Кинематография саласы бойынша

Құрметті депутаттар!

Бас прокуратура елдегі кинотеатрларда жас шектеуі бар фильмдерді жалға алуды жүзеге асыру кезінде кинематография саласындағы заңдылықты сақтау мәселесін зерделеді.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасында өндірілген барлық фильмдерге және оның аумағына прокаттау мақсатында әкелінетін фильмдерге «18 жастан бастап» және «21 жастан бастап» жас санаттары беріле отырып, жас сыныптамасы жүзеге асырылады («Кинематография туралы» Заңның 8-бабы, бұдан әрі – Заң).

Көрсетілген санаттағы (21+) фильмдерді кинозалдарда және осы мақсаттарға арналған өзге де фильмдерді жергілікті уақытпен сағат **22:00-ден кейін таңғы 06:00-ге дейін** жалға алуға жол беріледі.

Сайтқа іріктеп мониторинг жүргізу көрсеткендей, «kino.kz» (кинода өткізілетін фильмдер туралы ақпаратты орналастыру сайты) кинематографиялық қызмет субъектілері көрсетілген норманы бұза отырып, жиырма бір жасқа толмаған көрермендер үшін шектелген «**Пацанская история**» фильмін жалға береді.

Алайда фильмнің премьерасынан бастап (2022 жылғы 16 қарашадан бастап) Астана қаласының Еуразия Синема-7 кинотеатрында аталған фильм заңды бұза отырып, кешкі сағат **20:00-де**, Сінетах, Цезарь кинотеатрларында және Алматы қаласының Арман киноорталығында кешкі сағат **16:00-ден кешкі 21:00-ге** дейін көрсетіледі.

Осындай жағдай еліміздің басқа кинотеатрларында да байқалады.

Кинотеатрлардың бақылаушылары пайда табу мақсатында кәмелетке толмағандарды жас шектеулері бар сеанстарға өтуіне жол беруі жоққа шығарылмайды.

Кинематография саласындағы мемлекеттік саясат, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында фильмдерді прокаттау мониторингісі Мәдениет және спорт министрлігіне (бұдан әрі – Министрлік) және жергілікті атқарушы органдарға (Заңның 5 және 6-баптары) жүктелген.

Алайда Министрлік пен ЖАО фильмдерді жалға алу мониторингісін жүзеге асыру үшін негіздер мен құқықтық мүмкіндік бола тұра, заңдылықты бұзушылықтардың жолын кесу шараларын қолданбайды.

Сонымен қатар мәдениет туралы заңнаманың (оның ішінде жас санаты бойынша фильмдерді прокаттау) талаптарын бұзғаны үшін «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің (бұдан әрі – ӘҚБтК) 156-бабы бойынша әкімшілік жауаптылық көзделген.

ӘҚБтК-нің осы бабы бойынша жазаларды облыстың, республикалық маңызы бар қалаларының және астананың, ауданның (республикалық, облыстық маңызы бар қалаларының және Астананың) әкімі және оның орынбасарлары (ӘҚБтК-нің 729-бабы) қолдануға құқылы.

Алайда мұндай әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін кинематографиялық қызметтің бірде-бір субъектісі 2015 жылдан бастап (ӘҚБтК қабылданған сәттен кейін) жауапқа тартылмаған.

Жоғарыдағы мән-жайларды назарға ала отырып, Бас прокуратураның хатының негізінде Үкімет жергілікті атқарушы органдарға, Мәдениет және спорт министрлігіне кинематография саласында қажетті шаралар (фильмдерді прокаттау мониторингін жүргізу, әкімшілік жауаптылыққа тарту, жас шектеулері бар фильмдерге прокаттау куәліктерін беру кезінде бақылауды күшейту және т.б.) қабылдау туралы тапсырма берді (2022 жылғы 2 желтоқсандағы №21-14/6114 бұрышма).

Құрметпен,

Б. Асыллов